

Өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы қорытынды

Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы

«Көсембай негізгі мектебі» КММ

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №700 бұйрығын басшылыққа ала отырып, 2022 жылдың ақпан айының 7-12 аралығында мектепшілік өзін-өзі аттестаттау өткізілді.

Мектепшілік өзін-өзі аттестациялауды ұйымдастыруға және өткізуге байланысты төмендегідей комиссия құрамы бекітілді.

- 1.Елгондина Д.М.—комиссия төрағасы, мектеп директоры
- 2.Желдибаева М.Б.- директордың ОІЖ орынбасары, комиссия мүшесі
- 3.Шүтенова Л.М. - директордың ПЖ орынбасары, комиссия мүшесі
4. Дарибаева Ш.Қ.- мектеп тренері, комиссия мүшесі
- 5.Аққошқаров Е.Қ.— бастауыш пән мұғалімі, педагог-зерттеуші.

Мектеп директорының



М.Б. Желдибаева

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл
ауданының білім бөлімі» мемлекеттік
мекемесінің «Көсембай негізгі мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі
бағалау жұмыстарына

А Н Ы Қ Т А М А

2022 ж, желтоқсан

Мекеме атауы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Көсембай негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Мекен жайы:

Лицензия нөмірі, берілген күні:

Телефон, эл-почта: 8 (71332)

Мектеп директоры: Елгондина Дина Майлығалиевна

1) Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі (бағаланатын кезеңге жылдық жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі);

Мектептегі оқу-тәрбие жұмысын басқару және ұйымдастыру оқу жылдарына арналған жұмыс жоспарларымен анықталған. Жұмыс жоспарлары тамыз айындағы педагогикалық кеңестерде талданып, бекітілген.

2017-2018 оқу жылында

Мақсаты: Оқу-тәрбие үрдісіне жаңаша мазмұн беру арқылы жан-жақты дамыған, қоғам талабына сай, шығармашылық қабілеті мол жеке тұлғаны тәрбиелеу.

Міндеттері:

- тәрбие, білім берудің жаңа бағдарламаларын, оқу жоспарларын, мемлекеттік стандартын, нормативті құжаттар, әдістемелік нұсқауларды талдау, игеру жұмыстарын ұйымдастыру;
- Оқыту мен тәрбиені ұйымдастырудың жаңа формаларын, әдістерін педагогикалық технологиялармен байыту;
- Жас мамандарға, пән мұғалімдеріне, сынып жетекшілеріне педагогтік қызметте жас ерекшелігін ескере отырып, диагностикалық, сараланған негізде әдістемелік көмек көрсету;
- білім берудің жеке сипатын дамыту, білім берудің заманауи инновациялық технологияларын енгізу;
- баланың өзін-өзі еркін дамыту және оның өміршеңдігі аймағын кеңейту мақсатында мықты, сабақтан тыс және мектептен тыс қызмет жүйесін құру;
- оқушылардың мектептік өзін-өзі басқаруды дамыту шарты ретінде көшбасшылық қасиеттерін және болашағы үшін жауапкершілікті жетілдіру; -
- дарынды балалармен жұмыс жүйесін іске асыру;
- үш тілді дамыту, тіл және жалпы мәдениетті өзара байланысты дамыту;
- инклюзивті білім беруді дамытудың инновациялық тетіктері мен жағдайларын жасау;
- рухани-адамгершілік құндылықтарды, патриотизмді нығайту және оқушылардың азаматтық белсенділігін арттыру;
- бейінді және бейінді оқытуды іске асыру;
- адами капиталды дамыту және педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру;
- материалдық-техникалық жағдайлар жасау.

Аудандық спорт. Тоғызқұмалақтан 2- орын 2017 ж. **Ғабдуллин А. Б.**

Жазға Президенттік көпсайыс аудандық 1- орын 2017 ж **Ғабдуллин А. Б.**

- Шаңғы тебуден қала біріншілігі 3- орын 2017 ж **Ғабдуллин А. Б.**

Үстел теннисінен аудан біріншілігі Алпысбаева О 3- орын 2017 ж

Аудандық спарт. Тоғызқұмалақтан 3- орын Зиолла С 2017 ж

2018-2019 оқу жылының мақсаты:

Мақсаты: Мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін, инновациялық, шығармашылық әдіс – тәсілдерді меңгеруде кәсіби құзыреттілігін арттыра отырып, жеке тұлғаға бағытталған білім беру.

Міндеттері: Оқу мен оқыту үдерісіне өзгерістер енгізе отырып, оқушының өз бетінше білім алуына үнемі ықпал жасап отыру 1. Мұғалімдерді авторлық бағдарламалар, құралдар, шығармашылық ізденістер жасауға ұмтылдыру және ондай мұғалімдерге қолдау көрсету. 2. Оқушылардың облыстық, республикалық ғылыми жоба жарысына, пәндер олимпиадасына жүлдегерлер дайындау ісін нақтылау, әр бірлестік мүшесінен талап ету. 3. Оқу кабинеттерін, лабораторияларды «Мұғалім мен оқушының шығармашылық жұмыс лабораториясына» айналдыру. 4. Оқушының алған білімінің үздіксіз дамытылуымен қатар өзін - өзі тәрбиелеуі, қоғамдық көзқарасының, құзырлығының қалыптасуын қамтамасыз ету, психологиялық қызметті арттыру, бейінді оқытудың сапалығы үшін мұғалімдерге жағдай жасау.

1.2018 жыл ақпан облыстық FTO-ның III дәрежелі дипломы **Аққошқаров Е.Қ**

2. 2018 жыл наурыз облыстық ГТО-ның III дәрежелі дипломы **Аққошқаров Е.Қ**
3. 2018 жыл қараша, облыстық педолимпиада III орын, облыстық ГТО-ның III дәрежелі дипломы **Аққошқаров Е.Қ**
4. «Педагогикалық идеялар панорамасы» байқауының облыстық кезеңі, Ақтөбе «Өрлеу» **Алғыс хат, 2019 Аққошқаров Е.Қ**
5. Облыстық бастауыш сынып мұғалімдері арасында өткен пәндік олимпиада (Обл.ғылыми-тәжірибелік орталық)қыркүйек 2020 жыл, **1-дәрежелі диплом Аққошқаров Е.Қ**
6. «Сабакты зерттеу – Қазақстандық мектептер тәжірибесі» IV аймақтық конференциясы, Ақтөбе ПШО, зерттеушілік тәжірибесін ұсынып, белсенділік танытқаны үшін, 20 қараша 2020 жыл **сертификат Аққошқаров Е.Қ**
7. Облыстық білім басқармасының **Құрмет грамотасы**, мамыр 2019 жыл **Аққошқаров Е.Қ**
8. Облыс әкімінің «Ең үздік бастауыш класс мұғалімі» **сертификаты**, 2019 жыл тамыз **Аққошқаров Е.Қ**

Жазғы аудандық спартакиада тоғызқұмалақтан 2- орын 2018 ж **Ғабдуллин А. Б.**

Жазғы Президенттік көпсайыс облыстық 3- орын 2018 ж **Ғабдуллин А. Б.**

XIX аудандық спарт. Тоғызқұмалақтан Серікбаев Б. 1- орын 2018 ж

- 1.Бөкенбай Эльмира, «Ақбота» интеллектуалдық марафоны, 3-орын дипломы, 2018 жыл
- 2.Бисенов Бақыт, «Ақбота» интеллектуалдық марафоны, 2-орын дипломы, 2018 жыл
3. Бөкенбай Эльмира, «Русский медвежонок – языкознание для всех», 3-орын, 2018 жыл
- 4.Серікбай Назерке, «Қазақ тілі – бабалар тілі» республикалық олимпиада, 1-орын, 2019 жыл
5. Бөкенбай Эльмира, «Человек и природа» ойын конкурсы, 3-орын, 2018 жыл
- 6.Серікбай Назерке, «Человек и природа» ойын конкурсы, 3-орын, 2018 жыл
- 7.Бисенов Бақыт, «Человек и природа» ойын конкурсы, 3-орын, 2018 жыл
- 8.Маратқызы Назерке, «Человек и природа» ойын конкурсы, 3-орын, 2018 жыл
- 9.Маратқызы Назерке «Золотое руно» халықаралық ойын конкурсы, 1-орын, 2019 жыл
- 10.Алпысбай Ұлту, «Золотое руно» халықаралық ойын конкурсы, 1-орын, 2019 жыл
- 11.Бисенов Бақыт «BILGEN ALAMAN» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ КЕЗЕҢІ, 2-ОРЫН, 2019 ЖЫЛ

2019-2020 оқу жылы

Мақсаты: білім алушының тұлғалық үйлесімді қалыптасуы, функционалды сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігінің дамуы үшін қолайлы, жалпыадамзаттық, ұлттық құндылықтарға негізделген білім беру ортасын құру.

Міндеттер:

1. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сай білім беру мен тәрбие мазмұнының сапасын арттыру.
2. Білім алушылардың білімін толықтыру.
3. Оқу жүктемесі төмендетілген ҮОЖ-ын жүзеге асыру.
4. Қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету.
5. Цифрлық инфрақұрылыммен және ресурстармен жабдықтау.
6. Мектеп пен ата-аналардың өзара байланысын күшейту.
7. Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру
- 1.Облыстық білім басқармасының **Құрмет грамотасы**, мамыр 2019 жыл **Аққошқаров**
- 2.Облыс әкімінің «Ең үздік бастауыш класс мұғалімі» **сертификаты**, 2019 жыл тамыз **Аққошқаров Е.Қ**
- 3.ІІ Республикалық «Үздік сынып жетекші» олимпиадасындағы жоғары нәтиже көрсетіп, республика бойынша «Ең үздік 100 ұстаздың» қатарына енгені үшін **Құрмет грамотасы**, 2019 жыл **Аққошқаров Е.Қ**

-ҚР Білім және ғылым министрлігі АЛҒЫС-2019ж. **Дарибаева Ш. Қ**
-Республикалық әдістемелік-педагогикалық журнал Алғыс хат-2019,2020ж.
-Республикалық ғылыми-педагогикалық орталық «Білім-Образование-Education»«Үздік сабақ жоспары-2019» ІІ дәрежелі диплом **Дарибаева Ш. Қ**
-«Самғау»Республикалық Қазақстан педагогтарының біліктілігін арттырудан белсенді жұмысы үшін **Дарибаева Ш. Қ**

-Ақтөбе облыстық ғылыми- тәжірибелік орталығы ұйымдастырған «Үздік директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары» байқауында Шутенова Лунара І дәрежелі диплом. 2020ж

-Ақтөбе облыстық ғылыми -тәжірибелік орталығы ұйымдастырған «Үздік сабақ жоспары» байқауында ІІ дәрежелі диплом 2020ж

-Ақтөбе облыстық ғылыми -тәжірибелік орталығы ұйымдастырған Тәуелсіздік күніне орай сыныптан тыс жұмыстар мен сабақ жоспарлары байқауында ІІ дәрежелі диплом. Шутенова Лунара 2019 ж

-Ақтөбе облыстық ғылыми- тәжірибелік орталығы ұйымдастырған «Үздік директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары» байқауында Шутенова Лунара І дәрежелі диплом. 2020ж

-Ақтөбе облыстық ғылыми -тәжірибелік орталығы ұйымдастырған «Үздік сабақ жоспары» байқауында ІІ дәрежелі диплом 2020ж

-Ақтөбе облыстық ғылыми -тәжірибелік орталығы ұйымдастырған Тәуелсіздік күніне орай сыныптан тыс жұмыстар мен сабақ жоспарлары байқауында ІІ дәрежелі диплом. Шутенова Лунара 2019 ж

Республикалық «КАТЕV» қазақ тілі олимпиадасының аудандық кезеңінен Нұрлыбекова Ақнұр ІІІ-орын.2019ж –Республикалық Мәшһүр-Жүсіп оқуларының аудандық кезеңінен Серікбаев Бекасыл 1-орын 2019 жыл – Республикалық Мәшһүр-Жүсіп оқуларының облыстық кезеңінен Серікбаев Бекасыл 2-орын 2019 жыл

-Республикалық Абай, Шәкәрім оқуларының аудандық кезеңінен Қанат Айгүл 2-орын. 2019жыл

-Республикалық Абай, Шәкәрім оқуларының аудандық кезеңінен Сисенов Бекзат 2-орын. 2019жыл

«Тәуелсіз ел жастары» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өткен «Тәуелсіз елдің жастары» атты онлайн мүшәйра **ІІ орын** Серікбаев Бекасыл 2019жыл

«Тәуелсіз ел жастары» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өткен «Тәуелсіз елдің жастары» атты онлайн мүшәйра **І орын** Сатыбалдин Нұрболат 2019 жыл

«Тәуелсіз ел жастары» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өткен балабақшалар арасындағы «Менің отбасым» атты онлайн сурет байқауы **І орын**Асқар Ақыл 2019 жыл

«Шығармашылық әлемі» фестиваль-байқауы **ІІ орын** Асқар Ақыл 2019 жыл

«Өлең сөздің патшасы» атты Абай шығармашылығымен байланысты Республикалық дарынды балалар мен жасөспірімдер арасындағы өнер байқауы «Көркем сөз» жанры бойынша **І орын** Серікбаева Ақжібек 2019жыл

XX спарт. Тоғызқұмалақтан 1- орын Серікбаев 2019 жыл

4.Қазақстанның салалық білім және ғылым қызметкерлерінің **Құрмет грамотасы** 2021 жыл

2020-2021 оқу жылында

Мұғалімнің педагогикалық шеберлігін дамыту арқылы оқу –тәрбие үдірісіне жаңа білім технологиясын пайдалана отырып, заман талабына сай білім беру

1. Мұғалімдердің педагогикалық біліктілік құзіреттілігін жетілдіру жұмыстарын одан әрі жалғастыру, жас мамандардың кәсіби тұлғасын қалыптастыруда педагогикалық жаңа, озық технологияларды тәжірибеге енгізуді дамыту;
2. Педагогикалық кадрларды біліктілік арттыру және қайта даярлауды курстарынан жүйелі өткізе отырып, АКТ арқылы қосымша ресурстарды пайдаланып пән бойынша ақпаратты табу мен өңдеу білігін қалыптастыру;
3. Дарынды, нашар және қиын оқушылармен жұмысты ұйымдастыру, оқушылардың ғылыми жобалармен жұмысын жандандыру;
4. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа жүйесін оқушылар мен ата-аналарға кеңінен түсіндіре отырып, критериалды бағалауды оқу процесінде барынша тиімді ұйымдастыру, оқушыларды табысты оқуға ынталандыру;

Оқу-тәрбие үрдісіне диагностикалық талдау жүргізу

5. «Ақтөбе облысының құрметті ұстазы» атағы, 2021 жыл **Аққошқаров Е.Қ**

-Әдістемелік құрал Республикалық «Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында қалыптастырушы бағалау тапсырмалары» 2020ж

-Республикалық ғылыми және оқу әдістемелік мақалалар жинағы. 2020жыл

Аққошқаров Е.Қ

-ҚР «Өнеге»интеллектуалды білім порталы Алғыс хат-2020ж. **Дарибаева Ш.Қ**

-«AI-Faraby»Республикалық білім қолдау орталығы Алғыс хат-2020ж.

-«AI-Faraby»Республикалық білім қолдау орталығы «Мұқағали-мәңгілік жыр» сабақ жоспары Ідәрежелі диплом-2020ж.

--«AI-Faraby»Республикалық білім қолдау орталығы «Абай жолы» Алғыс хат-2020ж.

-Республикалық ғылыми және оқу-әдістемелік жинағы үшін Сертификат-2020ж,

--ҚР «Өнеге»интеллектуалды білім порталы «Үздік сабақ жоспары-2020» Ідәрежелі диплом **Дарибаева Ш.Қ**

-Білім беру жүйесіндегі жемісті еңбегі, педагогикалық шеберлігі, жаңартылған білім беру технологияларын дамытудағы шығармашылық жетістігі үшін Шутенова Лунара Құрмет грамотасы 2020ж

-«Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» облыстық эссе байқауынан Қанат Айман 3-орын 2021 жыл

-Ұлы Абайдың 175 жылдығына арналған облыстық эссе байқауынан Қанат Айман алғыс хат 2021 жыл

-Аудандық Қадыр Мырза Әлі оқуларына қатысып, ақынның мұраларына деген сүйіспеншілігін көрсете білгені үшін Бөкенбай Эльмира 3-орын. 2020 жыл

«Ақберен»байқауының облыстық кезеңі, қазақ халқының рухани мұраларына деген сүйіспеншілігін жоғары дәрежеде көрсете білгені үшін жүлделі **III орын** Серікбаев Бекасыл 2020ж

Қадыр оқуларының облыстық кезеңіне қатысып, ақынның мұраларына деген сүйіспеншілік көрсете білгені үшін Алғыс хат Сисенов Бекзат 2020 жыл

«Шежірелі өлкемнің тарландары» тақырыбындағы зерттеу шығармалары мен мақала байқауына қатысып, ұшқыр ойлылығын көрсете білгені үшін Мақтау қағазы Нұрдәулетов Шахмардан 2020 жыл

«Ұлытау-Алтын Орда бесігі» тақырыбында жас ақындардың облыстық шығармашылық жыр байқауына қатысып, шығармашылық қабілетін өте жоғары дәрежеде көрсете білгені үшін жүлделі **II орын** Серікбаев Бекасыл 2020 жыл

- Тыныштық Бейбіт, «Білім және ғылым» қоғамдық қорының «Табиғатым – байлығым» республикалық онлайн сурет сайысы, 1-дәрежелі диплом, ақпан 2021 жыл

- Олжабай Нұрислам, «Ұлы даланың «Ұлыс күні» атты II Республикалық байқауы, «Бейнелеу өнері» жанры бойынша 3-орын,сәуір2021 жыл

- Арман Айару,«Кенгуру – математика барлығы үшін» халықаралық интеллектуалдық ойын-конкурсы,2-орын, мамыр 2021 жыл

-Олжабай Нұрислам, «Кенгуру – математика барлығы үшін» халықаралық интеллектуалдық ойын-конкурсы, 2-орын, мамыр 2021 жыл

- Олжабай Нұрислам, II дәрежелі диплом, «Үздік бастауыш сынып оқушысы» олимпиадасы, 2021 22 қыркүйек, №С-002095, www.Ebilim.kz Электронды білім танымдық әдістемелік сайты

-Нұрдәулет Айша,III Халықаралық «Мемлекеттік тіл – менің тілім» атты байқауы, I дәрежелі диплом, 2021 жыл қыркүйек, Халықаралық ғылым, педагогика, тіл және өнер академиясы

2021-2022 оқу жылында

Мұғалімнің педагогикалық шеберлігін дамыту арқылы оқу –тәрбие үдірісіне жана білім технологиясын пайдалана отырып, заман талабына сай білім беру

1. Мемлекеттік стандарт талаптарын жаңартылған білім мазмұнына сәйкес оқытудың сапасын арттыру және мектептің оқу-тәрбие процесін жоғары сапалы деңгейге көтеру;
2. 2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін ұйымдарында оқу-процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатты білім беру қызметін ұйымдастыруда басшылыққа алу;

Оқу процесінде жаңа педагогикалық технологияны зерделеу және қолдану мақсатында деңгейлік бағдарлама бойынша оқыған педагогтардың белсенділігін арттыру;

-«Мектеп қабырғасында тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыру ерекшеліктері» әдістемелік құрал. Ақтөбе облысы 2021 жыл **Шүтенова Л. М.**

Қысқы Президенттік көпсайыс облыстық 2- орын 2022 ж **Ғабдуллин А.Б**

5-6-сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінен Бөкенбай Бекарыс II-орын. 2021 жыл

3. --«Қазақтың салт-дәстүрлері кеше, бүгін, ертең» облыстық байқаудың аудандық кезеңінен ғылыми жоба қорғау бағытынан 5-сынып оқушысы Сисенов Бейбарыс 2-орын. Эссе бағытынан 7-сынып оқушысы Бөкенбай Эльмира 3-орын. 2022 жыл

-XXII аудандық тоғызқұмалақтан «Ұлттық мектеп лигасы» 5-6 сынып оқушылары
2- орын **2022 жыл**

2) Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҮОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі. Бағалаланатын кезеңге жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің көшірмелері қоса беріледі;

2017-2018 оқу жылында **1,2-сыныптар** ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №327 қаулысымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 шілдедегі №453 үлгілік оқу жоспарының 1-қосымшасы;

- **3-4,6,8--сыныптар** ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген «Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, алпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 25 шілдедегі №296 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің» үлгілік оқу жоспары;

- **5,7-сыныптар** ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысымен бекітілген «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», «ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 7 шілдедегі №432 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 18 тамыздағы №422 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалаы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары»;

- «2017-2018 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік-нұсқау хат, Астана:Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2017.-368 б (2017 жылғы 21 сәуірдегі №5 хаттама) басшылыққа алынды.

2018-2019 оқу жылында **1,2,3-сыныптар** ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №327 қаулысымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 шілдедегі №453 үлгілік оқу жоспарының 1-қосымшасы;

- **4,9,-сыныптар** ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген «Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, алпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 25 шілдедегі №296 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің» үлгілік оқу жоспары;

- **5,6,7,8-сыныптар** ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысымен бекітілген «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», «ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 7 шілдедегі №432 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 18 тамыздағы №422 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалаы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары»;

- «2018-2019 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік-нұсқау хат, Астана:Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018.-372 б (2018 жылғы 15 маусымдағы №7 хаттама) басшылыққа алынды.

2019-2020 оқу жылында **1-4-сыныптар** ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға

міндетті стандарты» және ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына» өзгерістер мен толықтырулар 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 үлгілік оқу жоспары;

- **5-9-сыныптар** ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына» өзгерістер мен толықтырулар 2018 жылғы 4 қыркүйектегі №441 үлгілік оқу жоспары;

2020-2021 оқу жылында **1-4-сыныптар** ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) және ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына» өзгерістер мен толықтырулар 2020 жылғы 17 тамыздағы №350 үлгілік оқу жоспарының 6- қосымшасы;

- **5-9-сыныптар** ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына» өзгерістер мен толықтырулар 2020 жылғы 17 тамыздағы №350 үлгілік оқу жоспарының 16- қосымшасы;
- **Инклюзивті оқыту** ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына» өзгерістер мен толықтырулар 2020 жылғы 17 тамыздағы №350 үлгілік оқу жоспарының 19- қосымшасы;
- «2020-2021 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік-нұсқау хат, Нұр-Сұлтан қ.:БІ.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2020.-331 б басшылыққа алынды.

2021-2022 оқу жылында **1-4 сыныптар** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығының 1-қосымшасы;

- **5-9 сыныптар** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 бұйрығының 6-қосымшасы;
- **Инклюзивті оқыту** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы 19-қосымшасы;

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

2017-2018 оқу жылында 1-2 сыныптар жаңартылған білім беру жүйесі бойынша білім алды және ҚР Білім және ғылым министрінің 8 сәуір 2016 жылғы №266 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламасымен» күнтізбелік жоспар құрылып, пәндер бойынша базалық мазмұн игерілді.

3,4,6,8- сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларымен оқытылды.

6,8,9 –сыныптар «Қазақстан тарихы» пәнін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 393 бұйрығының 2-қосымшасымен оқытылды.

5,7-сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 23 қарашадағы № 668 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларымен оқытылды.

2018-2019 оқу жылында 1,2,3 - сыныптар жаңартылған білім беру жүйесі бойынша білім алды және ҚР Білім және ғылым министрінің 8 сәуір 2016 жылғы №266 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламасымен» күнтізбелік жоспар құрылып, пәндер бойынша базалық мазмұн игерілді.

4,9 - сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларымен оқытылды.

6,8,9 –сыныптар «Қазақстан тарихы» пәнін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 393 бұйрығының 2-қосымшасымен оқытылды.

5,6,7,8-сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 23 қарашадағы № 668 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларымен оқытылды.

2019-2020 оқу жылында 1-4 - сыныптар жаңартылған білім беру жүйесі бойынша білім алды және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) оқу бағдарламаларымен оқытылды.

5 - 9 –сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бағдарламамен оқытылды.

Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы пәндері 5-9 сыныптарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы негізінде оқытылды.

9-сыныптардағы құқық негіздері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығы негізінде оқытылды.

2020-2021 оқу жылында 1-4 - сыныптар жаңартылған білім беру жүйесі бойынша білім алды және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) оқу бағдарламаларымен оқытылды.

5 - 9 –сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бағдарламамен оқытылды.

Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы пәндері 5-9 сыныптарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы негізінде оқытылды.

9-сыныптардағы құқық негіздері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығы негізінде оқытылды.

2021-2022 оқу жылында 1-4 - сыныптар жаңартылған білім беру жүйесі бойынша білім алды және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) оқу бағдарламаларымен оқытылуда. «Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту 2020 жылғы 27 қарашада бекітілген № 496 «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығына сәйкес жүргізілетін болады (2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына (188-2к қосымша), 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығына (4-қосымша) өзгерістер енгізілген).

5 - 9 –сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бағдарламамен оқытылады.

Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы пәндері 5-9 сыныптарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы негізінде оқытылды.

Жаратылыстану-математика бағытындағы дүниежүзі тарихы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығын басшылыққа ала отырып, жүзеге асырылуда.

4) білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру (бағаланатын кезеңге тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса беріледі);

5) білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге қосымша сабақтар кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері қоса беріледі);

Тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсанындағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы басшылыққа алынып жасалды. 2020-2021 оқу жылында еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде «Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасын жүзеге асыру арқылы оқытудың құндылықты-бағдарлық тәсілі енгізіледі. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Ақтөбе облыстық білім басқармасының № 252 бұйрығы негізінде және Ойыл аудандық білім дене шынықтыру және спорт бөлімінің № 23/7 ережесі негізіндегі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы.

«Мәңгілік Ел» патриоттық актісі 2016 ж 26 сәуір. Бұл бағдарлама білім алушылардың бойында жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамытуға, олардың рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз етуге, экологиялық мәдениетін, салауатты және қауіпсіз өмір салтын қалыптастыруға бағытталған.

Тәрбие жүйесінде басшылыққа алынатын құжаттар

Тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсанындағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы басшылыққа алынып жасалды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде жылдық жұмыс жоспары құрылып бекітілді. Аталған жұмыс жоспары негізінде жүргізілген жұмыстарға тоқталсақ:

Ата-аналармен жүргізілген жұмыстар:

Білім беру мекемесі баланың, ата-аналардың және социумның тәрбиелік процесін және нақты өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін маңызды әлеуметтік институттардың бірі болды, бар және болып қала береді.

Ата-аналар мен педагогтардың баланың мүддесіндегі қызметі, егер олар одақтас болған жағдайда ғана табысты бола алады, бұл оларға баланы жақсы білуге, оны әртүрлі жағдайларда көруге және осылайша ересектерге балалардың жеке ерекшеліктерін түсінуге, олардың қабілеттерін дамытуға, өмірлік құндылықты бағдарларды қалыптастыруға, теріс қылықтар мен мінез-құлықты жеңуге көмектеседі. Педагогтарға әр тәрбиеленушінің отбасымен серіктестік қарым-қатынас орнату, өзара қолдау атмосферасын және мүдделердің ортақтығын құру маңызды. Дәл осы отбасы ерте жастан балаға адамгершілік құндылықтарды, ақылға қонымды өмір салтын қалыптастыруға бағытталған.

Мектебімізде «Аналар кеңесі» мен «Әкелер кеңесі» жұмысы мектебімізде тұрақты түрде қолға алынған. Барлық –әке аналарымыз белсенді түрде барлық іс-шараларға, мектептің мәселелеріне жиі көңіл бөліп, қолдау білдіріп отырады. Мектепте аудандық

бұйрық негізінде шығарылған бұйрық бар. Жұмыс жоспарымен қатар, кеңестің мүшелері бекітілген

«Әкелер кеңесі» мен «Аналар кеңесінің» мақсаты – отбасылық құндылықтарды түсіндіру арқылы аналардың және әкелердің ұрпақ тәрбиелеудегі жауапкершілігін үлгі ету. Осы мақсатта мектепте өтілетін кез келген іс-шараға ата-аналарымыз шақырылып, өткізілу барысы туралы пікір алысып, отырыстар болды.

Ашық есіктер күні. Бұл күні осы оқу орнының барлық тәрбиеленушілерінің ата-аналары, болашақ оқушылардың ата-аналары, қоғам өкілдері шақырылады. Осы күннің ішінде мекеме қызметі туралы толық ақпарат беріледі. Ата-аналар сұрақтарға жауап алады.

Отбасы мен мекеменің бірлескен жұмысы - бұл барлық балалардың, ата-аналардың және мұғалімдердің үлкен жеке байлығы. Бұл тәжірибе ерекше, оны күнделікті жинау керек. Бұл формада бірлескен іс-шаралар, сапарлар, сапарлар, бірлескен іс-шаралар, балалар шығармашылығының конкурстары және т.б.

Ата-аналар қоғамының тәрбие ісі мәселелері бойынша мектеппен бірлесіп жұмыс істеуі

Қайырымдылық шараларына қатысуы	Мәдени іс-шараларға қатысуы	Спорттық іс-шараларға қатысуы	Ашық есік күндеріне қатысуы	Шеберлік сағаттар өткізуі	Ата-аналар жиналысына қатысуы
«Мектепке жол», «Қамқорлық» акциясы 1 наурыз- Алғыс айту күні	5	3	1	4	2 рет мектепшілік 19 рет сыныпта

Қамқорлық кеңес туралы

Қамқорлық кеңес жұмысының мақсаты: біріңғай педагогикалық ұстаным негізінде оқыту мен тәрбие беруде педагогикалық ұжым мен қамқорлық кеңесі қарым – қатынасын ұйымдастыру, кешен оқу – тәрбие жұмысының материалдық-техникалық базасын нығайтуға көмектесу.

Жыл бойында қарастырылатын мәселелер мемлекеттің тәрбие беру іс – шарасына бірлесіп атқаруға ата – аналар қауымын тарту, олардың педагогикалық мәдениетін, білімін көтеру мектеп пен отбасында салауатты өмір салтын ұйымдастыруға ықпал жасау және балаларды әлеуметтік жағынан қорғау.

Қыркүйек айынан бастап мектепте қамқорлық кеңес жұмысы жалғастырылып, материалдық көмекке мұқтаж балаларды анықтау жұмысы жүргізілді.

Жалпы оқыту жөніндегі айлық және «Мектепке жол», «Қайырымдылық» қамқорлық акциялары ұйымдастырылып, жетім, жартылай жетім және отбасылық жағдайы төмен аз қамтылған жанұяның балаларының үй-тұрмысымен танысу актісі жасалып, мұқтаж балаларға көмек көрсетілді. Мектепке қамтылмай қалған бала жоқ. Оларға тегін оқулықтар, мектепке қажетті құрал-жабдықтар, киім - кешектер таратылды және тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, Наурыз айында өткен оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету үшін өткізілген ашық конкурса қатыстық. Мектептегі Жаңа жыл мерекесі, 8 наурыз, Наурыз мерекелерін өткізуге ат салысты. 8 наурызда «Гүл сыйлайық анаға» атты ата-аналармен бірлесе концерттік шара өтті. 16 наурыз күні 1-9 сынып оқушылары мен

ата-аналарының қатысымен «Наурыз-қайырымдылық айы!» атты қайырымдылық жәрмеңкесі ұйымдастырылды.

«Қамқорлық» акциясына барлық сыныптар өз үлесін қосты, белсенді қатысты. Сынып сағаттарында «Қайырымдылық», «Жақсыдан шарапат», «Мейірімділік» тақырыптарына арналған әңгімелер өткізілді.

Кәметке толмағандарда бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру және олардың бей-берекет жүрмеулері үшін мақсатты жұмыстар жүзеге асырылуда. Олардың мәдени-көпшілік іс-шараларға қатысулары, спортпен шұғылданулары, әр алуан үйірмелер мен спорт секцияларына қатысулары бойынша жоспарлы жұмыстар атқарылуда. Педагогикалық ұжыммен бірлесіп нашақорлық және зиянды заттарға әуестенудің алдын алудағы бағдарламалар бойынша мақсатты түрдегі жұмыстар жүзеге асырылуда. Білім басқармасы, Балалар құқықтарын қорғау жөніндегі басқармасы, Денсаулықты сақтау басқармасы, «Жасөспірімдердің құқығы» тақырыбында әлеуметтік педагог 5-9 сыныптың оқушыларымен мектептің акт залында кездесу өткізді.

Жұмыс жоспарына сәйкес жалпы ата – аналар жиналысы өткізіліп, онда төмендегідей мәселелер қарастырылды: «Отбасы тәрбиесі», «Өзара қарым – қатынас жасау мәдениеті», «Құқық бұзушылық мәселесі бойынша мектеп пен отбасының өзара әрекеті». Аталған жиналыстарда ата – аналар нормативтік - құқықтық актілерімен танысып, психологиялық – педагогикалық ата – аналарға білім, мағлұмат беру жұмысы іске асырылды.

Жыл бойы әлеуметтік педагогпен бірлесе қамқоршылардың тұрмыс жағдайларын зерттеу және бала құқықтарының орындалуын тексеру мақсатында рейдтер, «Сенім» телефоны және Сенім жәшігі жұмысы, жетім және ата-аналар қамқорлығынсыз қалған балалардың түрлі қалалық ұйымдастырылған қайырымдылық іс- шараларына қатыстыру, ыстық тамақтың ұйымдастырылу жағдайы, жетім балаларға, ата-аналар қамқорлығынсыз қалған балаларға, көп баланы отбасынан шыққан балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру жұмыстары да жүргізілді.

жергілікті қоғамдық ұйымдармен біріккен жұмыс

Ауылдық кітапхана	Ауылдық медициналық пункт	Ауылдық мәдениет үйі
4	6	9

Кәсіптік бағдар беру жұмысы

Оқушылардың кәсіби – шығармашылық тәрбиесін арттыру мақсатында «Сенде бір кірпіш дүниеге» тақырыбы аясында тәрбие сағаттары өткізілді. (9-10сыныптар)

